


«Бекітемін»

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы» МКҚК

басшының м.а.

 А. Мухамеджанова

« » 2024 ж.

«Оқуға құштар мектеп - 2024»

қалалық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы «Оқуға құштар мектеп - 2024» қалалық байқауының ережесі (бұдан әрі – Ереже) Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес әзірленген.

1.2 Ереже елордалық мемлекеттік орта білім беру ұйымдары арасында «Оқуға құштар мектеп - 2024» қалалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидаларын, оны өткізудің мақсатын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

1.3 Байқаудың өткізу түрі – онлайн және офлайн.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 **Мақсаты:** орта білім беру ұйымдарының «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату.

2.2 **Міндеттері:**



- «Оқуға құштар мектеп» жобасындағы білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған мәдени-ағартушылық, ақпараттық және технологиялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыратын шығармашылықпен жұмыс жасайтын мектептерді анықтау;

- орта білім беру ұйымдарының тәжірибесін қолдау және тарату;

- оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудағы мектептердің рөлін арттыру;

- оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатындағы мектептердің идеяларын қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу және белсенділіктерін арттыру;

- кітап оқуды насихаттау және кітап оқуға шақыру.

3. ЕРЕЖЕДЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҰҒЫМДАР

3.1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Байқаудың қазылар алқасы – «Оқуға құштар мектеп - 2024» қалалық байқауының жеңімпазын анықтау үшін, Орталық басшысының бұйрығымен құрамы кемінде 7 адамнан құрылған (бұдан әрі – қазылар алқасы);

2) Байқауға қатысушы – осы Ережеге сәйкес Байқауға қатысуға құжаттарын ұсынған білім беру ұйымы;

3) белсенді сілтеме – қандай да бір объектіге арналған нұсқағыш (*Youtube, Instagram, Facebook, сайт*);

4) бейне ролик - ақпараттық, жарнамалық немесе оқу-тәрбиелік мазмұнының қысқа бейнефильмі;

5) көркем әдебиетке шолу - кітаптарды ұсынудың негізгі форматы. Кітапхана оқырмандарын келген жаңалықтармен таныстыру немесе әдебиеттердің тақырыптық таңдауын жасау үшін қолданылады;

6) марапаттау – диплом, Байқауды жеңіп алған білім беру ұйымына беріледі.

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1 Байқауға кез-келген мемлекеттік орта білім беру ұйымдары қатыса алады:

- байқауда мектептің білім алушылары, мұғалімдері, кітапханашысы немесе басқа да қызметкерлері таныстыра алады;

- байқауға қатысушылардың жасы мен еңбек өтіліне шектеу қойылмайды.

5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін байқаудың жұмыс тобы және қазылар алқасы құрылады.

5.2 Жұмыс тобының мүшелері Орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.3 Қазылар алқасының мүшелері сайыстың жеңімпаздарын анықтау үшін Орталық басшысының бұйрығымен құрылады және бекітіледі. Қазылар алқасының мүшелері Білім басқармасының мамандары, Орталық қызметкерлері, педагог-шеберлер, педагог-зерттеушілер, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, «Әділет» білім беру педагогикалық қызметкерлері кәсіподағынан, сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, әлеуметтік серіктестер арасынан құрылады.

5.4 Қазылар алқасының құрамы жеті адамнан кем болмауы тиіс.

5.5 Жұмыс тобы байқаудың өтуіне он бес күн қалғанда байқаудың өтуі туралы ақпаратты Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ Орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

5.6 Жұмыс тобы:

- Байқау материалдарының тізбесін айқындайды, оның рәсімделуіне қойылатын талаптарды, бағалау критерийлерін әзірлейді;

- Өткізу орнын, уақытын, нысаны мен өткізу тәртібін айқындайды.

5.7 Қазылар алқасы:

- байқаудың I кезеңі материалдарын қарастырады және Байқаудың II кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

- қатысқан қазылар алқасы мүшелері көпшілік дауысымен Байқаудың екінші кезеңіне қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;

- шешім қатысқан қазылар алқасы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

- байқаудың II кезеңін бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды;

- байқау барысында қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

- жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

5.8 Қазылар алқасы Байқау тапсырмаларын бағалау критерийлерін жүйе бойынша тиісті бағалау парақтарына сәйкес жүзеге асырады. Қазылар алқасының әрбір мүшесі бағалау парақтарын қазылар алқасының хатшысына тапсырады, шешімі хаттамамен рәсімделеді.

5.9 Байқаудың екінші кезеңінің қорытындысы Байқау аяқталған соң шығады, байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

5.10 Байқауға қатысу үшін **2024 жылдың 22 сәуіріне** дейін Орталықтың kitaphana.astana@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар ұсынылады:

- осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін білім беру ұйымдары басшылары куәландырған форма бойынша «Кел балалар оқылық» кітап оқуға шақыратын **5 минуттық бейнероликті**, Youtube арнасына орналастырып, **белсенді сілтемені** 1-қосымшаға сәйкес толтырып өтінім ұсыну қажет;

- осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес «Оқуға құштар - мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар тізімі (2023-2024 оқу жылы), өткізілгендігін растайтын ақпарат жарияланған сайт немесе әлеуметтік желі сілтемесін ұсыну.

5.11 Байқау материалдары 1-қосымша, 2-қосымша көрсетілген реттілік бойынша *Word және scan* форматтарында жіберілу қажет.

5.12 Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар – қабылдамайды және тіркелмейді.

Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

6. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Байқау кезеңдері:

Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең: 2024 жылғы 22-30 сәуір аралығында өтеді. Қазылар алқасы қарастырып, ереженің **3-қосымшасына** сәйкес Байқауға қатысушының «Кел балалар оқылық» кітап оқуға шақыратын 5 минуттық бейне ролигі мен «Оқуға құштар - мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шараларды бағалау өлшем шарттарын бағалайды

6.2 Қалалық байқаудың I кезеңінен сәтті өткен білім беру ұйымдарының тізімі Орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде **2024 жылдың 3 мамыр күнінен кешіктірілмей жарияланатын болады.**

6.3 Байқаудың бірінші кезеңінде **35 баллдан жоғары балл жинаған** білім беру ұйымы Байқаудың екінші кезеңіне қатысуға жолдау алады.

II кезең: Байқаудың бірінші кезеңінен сәтті өткен білім беру ұйымы мектеп жасындағы балаларға арналған **көркем әдебиетке шолу** жасайды.

- 1) Кітапқа шолуды білім беру ұйымы (қызметкерлері) **офлайн форматта** таныстырады және қорғайды.
- 2) Кітапқа шолу әр-түрлі стильде жүзеге асырылады (**8-10 минут**);
- 3) Байқаудың екінші кезеңінің қатысушыларын бағалауды әділ-қазылар алқасы жүзеге асырады.

7. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

7.1 Байқаудың нәтижесі бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

7.2 Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жүлделі номинациялар белгіленеді:

- «Оқуға құштар мектеп»
- «Кітапқа құштар білім алушы»
- «Үздік танымдық бейнебаян».

7.3 Қазылар алқасының шешімі бойынша **қосымша орындар** берілуі мүмкін.

7.4 Байқаудың жеңімпаздары Орталықтың дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

7.5 Байқау нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 1 күннен кешіктірілмейтін мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

«Оқуға құштар мектеп - 2024» қалалық
байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ

1	Білім беру ұйымының толық атауы (Жарғысына сәйкес)	
2	Электронды поштасы (мектеп)	
3	Жауаптының толық Т. А. Ә. (жеке куәлікте көрсетілгендей)	
4	Байланыс телефоны (жауапты)	
5	Электронды поштасы (жауапты)	
	Байқаудың «Кел балалар оқылық» кітап оқуға шақыратын 5 минуттық бейнематериал орналастырылған YouTube платформасындағы бейнеролик сілтемесі	

«Оқуға құштар - мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылында
өткізілген іс-шаралар тізімі

№	Іс-шара тақырыбы	Форматы (шебер-сынып, байқау, конференция, челлендж және т.б.)	Өткізілгендігі туралы ақпарат жарияланған сайт немесе әлеуметтік желі сілтемесі	Қысқаша мазмұны	Қамтылған дар саны
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					
7.					
8.					
9.					
10.					
11.					
12.					
13.					
14.					
15.					

Бағалаудың I кезеңі

Бағалау парағы

білім беру ұйымының атауы

(әрбір критерийдің максималды бағалау балы – 5 балл)

№	Бағалау критерийі	Ұпай саны (5 балл)
I. Бейнероликті бағалау критерийі (1 қосымша)		
1	бейнематериалдың тақырыпқа сәйкестігі	
2	мазмұндылығы	
3	креативтілігі	
4	түсірілім кәсібилігі, сапалылығы	
5	бейнематериалдың ұзақтығы-5 (бес) минут регламентті сақтау <i>регламент сақталмаған жағдайда минус 2 балл шегеріледі</i>	
II. Өткізілген іс-шаралардың бағалау критерийлері (2 қосымша)		
6	іс-шараның өзектілігі	
7	іс-шара тақырыбы мен ақпарат жарияланған әлеуметтік желі сілтемесінің сәйкестігі <i>сәйкес келмеген жағдайда бағаланбайды</i>	
8	Өткізілген іс-шаралар саны <i>1-5 арасы 1 балл 6-10 арасы 2 балл 11-15 арасы 3 балл 16-20 арасы 4 балл 20-дан жоғары 5 балл</i>	
9	мазмұны және ақпараттылығы	
Жалпы ұпай:		

Қазылар алқасының аты-жөні:

(қолы)

«__» __ 2024 жыл

4-қосымша

Байқаудың II кезеңі

Көркем әдебиетке шолу жұмысын бағалау парағы

білім беру ұйымының атауы

шолу жасалған көркем әдебиет атауы

№	Бағалау өлшем шарты	Ұпай саны (5 ұпай) Сәйкес келмеген жағдайда бағаланбайды
1.	көркем әдебиетке шолу жасаудың креативтілігі	
2.	шығарманы ұсынуы (5 ұпайды үлестіру қажет) <i>дауыс ырғағы</i> <i>көрнекілігі</i> <i>бірзділігі</i> <i>суреттеуі</i>	
3.	регламенттің сақталуы (8-10 минут)	
4.	кітап мазмұнының ашылуы	
5.	кітаптың тақырыптық өзектілігі	
6.	актерлік шеберлігі мен қойылымы	
Жалпы ұпай:		

Қазылар мүшесі:

(Аты-жөні)

(қолы)

«__» __ 2024 жыл